

"Қазақстан Республикасының ғылыми-техникалық орталығы" мемлекеттік мекемесін құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 14 шілдедегі N 730 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының ғылыми-техникалық орталығы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мекеме) және оның облыстарда, Астана және Алматы қалаларында филиалдары құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Мекеменің жарғысын бекітсін және оның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Мекемені қаржыландыру Қазақстан Республикасының республикалық бюджетінде көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылады деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері Мекеме мен оның филиалдарының мұқтаждары үшін үй-жай беруді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі